

**Алматы облысы әкімдігінің 2016 жылғы 10 ақпандағы "Алматы облысының еңбек инспекциясы бойынша басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" № 65 қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Алматы облысы әкімдігінің 2016 жылғы 07 маусымдағы № 286 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, "Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы облысы әкімдігінің 2016 жылғы 10 ақпандағы "Алматы облысының еңбек инспекциясы бойынша басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" № 65 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2016 жылдың 11 наурызында № 3750 тіркелген, 2016 жылғы 7 сәуірдегі № 40 "Жетісу", 2016 жылғы 7 сәуірдегі № 40 "Оғни Алатау" газеттерінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. "Алматы облысының еңбек инспекциясы бойынша басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте бір апталық мерзімде:

1) Алматы облысының әділет органдарына осы қаулының қабылданғаны туралы хабарласын;

2) осы қаулының ресми баспа басылымдарында жариялау бойынша шаралар қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары Л. Тұрлашовқа жүктелсін.

*Облыс әкімі*

*А. Баталов*